

Байғанин аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 68 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 наурызда № 5375 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Байғанин аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы
С. Жұбан*

*Байғанин аудандық мәслихатының
хатшысы
Б. Турлыбаев*

Аудандық мәслихаттың
2017 жылғы 15 наурыздағы
№ 68 шешіміне қосымша

Байғанин аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1) Байғанин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 48 "Байғанин ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3491 болып тіркелген, 2013 жылғы 24 қаңтарда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған);

2) Байғанин аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 қарашадағы № 96 "Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 48 "Байғанин ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3693 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 желтоқсанда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған);

3) Байғанин аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 174 "Байғанин ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін

көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 48 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4392 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 шілдеде аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК